

# IMB ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ЖЖАБ ЖӘНЕ СҮЗГІЛЕР БОЙЫНША КПО ТЕХНИКАЛЫҚ ВЕБИНАРЫ

Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.

09/09/2024

# ЕСКЕРТПЕ

Осы слайдттарда көрсетілген ақпарат танысу үшін берілді. Ол ағымдағы жоспарларға сәйкес КПО талаптарына алдын ала сипаттамасын білдіреді, дегенмен КПО жобаларды жоспарлау және іске асыру барысында осы ақпаратты өзгерту құқығын өзіне қалдырады, және КПО осы ақпаратты пайдалану нәтижесінде туындаған кез келген заладар немесе шығындар үшін жауапты болмайды. Бұл ақпарат КПО мен семинарға қатысатын бизнес серіктестер арасындағы қандай да бір келісімшартқа енгізілмейді.

Бүгінгі талқылау КПО мен оның мүдделі тараптары жергілікті қамтуды дамыту үшін қабылдайтын көптеген іс-шаралардың бірі болып табылады.



# Өндірістік директоратының кен орны бөлімі

ЖЖАБ



1

# ЖЖАБ жүйесінің жабдықтарына арналған қосалқы бөлшектерге шолу

# КҮН ТӘРТІБІ

1. СӘЛЕМДЕСУ СӨЗДЕРІ
2. ЖАБДЫҚҚА ШОЛУ
3. ТҰТЫНУ БОЛЖАМЫ

# Өнеркәсіптік желдету

Барлық персоналдың еңбек жайлылығының негізі кәсіпорындағы қалыпты ауа алмасу болып табылады. Қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін өндірісте өнеркәсіптік желдету қолданылады.

Өнеркәсіптік желдету – бұл өндірістік орын-жайларда ауаның тиімді айналымына арналған арнайы жабдықтар мен аспаптар кешені. Өнеркәсіптік желдету жұмыс кеңістігінен ауаны алып тастап, оны жаңасымен ауыстыру үшін қажет. Желдету жабдықтарын практикалық қолдану келесі негізгі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

1. Кәсіпорынның орын-жайларына таза ауаның тұрақты кіруі;
2. Ауа құрамындағы зиянды заттарды жою: газ, шаң және т. б;
3. Өрт салдарынан апаттардың туындау қатерінің деңгейін төмендету;
4. Орын-жайларда оңтайлы температура мен ылғалдылық режимін сақтау.

Тиісінше, жабдықты ұзақ уақыт пайдалану кезінде жөндеуді немесе ауыстыруды қажет ететін кейбір бөлшектер мен компоненттердің тозуы және сынуы орын алады.

# Ауа сүзгілері

Қолданылуы:
Желдету және ауаны баптау жүйелеріндегі сыртқы және рециркуляциялық ауаны шаңнан тазарту.
- панельдік сүзгілер
- қалта сүзгілері
- кассеталы сүзгілер
Қолданылатын сүзу кластары:
G1-EU1, G2-EU2, G3-EU3, G4-EU4
F9-EU9



# Желдеткіштің қалақты аспабы:

«Fan impeller» желдеткіштің қалақты аспабы
Жұмыс дөңгелегі — стационарлық желдету, ауаны баптау, ауамен жылыту жүйелерінде орнатылған өнеркәсіптік желдеткіштердің негізгі бөлігі.

Талап: сапалы материалдар мен теңгеру, теңгерудегі ауытқулар тез істен шығуға және ілеспе жабдықтың бұзылуына әкелуі мүмкін.



# Сыналы белдіктеріне арналған тегерлер

Объектер мен жабдықтарда Z, A, B профильдері сияқты сыналы белдіктері үшін әртүрлі типтегі және өлшемдегі тегерлерді пайдаланады. Қолданылатын өлшемдердің мысалдары:

-SPZ 75….160

-SPA 112….200

-SPB  160….200



# Сыналы белдіктеріне арналған тегерлер

Тегерлерге қойылатын негізгі талаптар -дайындау дәлдігі және жоғары сапалы теңгеру, өйткені кез-келген ауытқулар сыналы белдіктерінің тез тозуына әкеледі.



# Бекітілетін және тіректі мойынтіректері

Қолданылатын мойынтіректердің мысалдары:

Y, S, H типті мойынтіректер тораптары - бұл орнатылған тығыздауыш жүйесі бар орнатуға және пайдалануға дайын өнімдер. Бұл жүйе ластанудан сенімді қорғауды қамтамасыз етеді және майлауды жақсы ұстайды.

Артықшылықтары:
- Жылдам және оңай орнату
- Торап пайдалануға толық дайын
- Мойынтіректі майлау мүмкіндігі бар





# Жетекті белдіктер

Жетекті белдік -тартылған белдік пен тегерлер (үйкелісті доңғалақтар) арасындағы үйкеліс арқылы айналу сәтін беруге қызмет ететін механизмнің икемді бөлігі. Бұл көп салаларда қолданылатын көптеген механизмдердің маңызды элементі

Біздің техникалық құрылғылардың сәтті апатсыз жұмысы белдіктердің сапасына, сенімділігіне және тозуға төзімділігіне байланысты.

Талаптар: сенімділік және тозуға төзімділік



# Қозғалтқыштар, фанкойлдардың желдеткіштері

Төмен және орташа қуатты фанкойлдарда тікелей жетекті қозғалтқыштар орнатылған.

Көп жағдайда бұл ауыспалы айналым саны бар қозғалтқыштар, бұл фанкойлдың желдеткіш жылдамдығының сатылы өзгеруіне мүмкіндік береді.

Ортадан тепкіш желдеткіш, ағынды фанкойл ұзындығына біркелкі таратады және шусыз жұмыс істейді.

Шу сипаттамаларына қойылатын талаптардың жоғарылауы



# Ыстық сумен жабдықтау жүйелеріне арналған кеңейткіш ыдыстар

Кеңейткіш ыдыстар (гидравликалық аккумуляторлар) сумен жабдықтау жүйесіндегі жұмыс қысымын тұрақтандыруға және ұстап тұруға, жүйенің гидравликалық соққыдан бұзылуын болдырмауға, сорғыны қосу - өшіру санын азайтуға, ыстық сумен жабдықтау жүйесіндегі және жабық жылыту жүйелеріндегі судың температуралық кеңеюін өтеуге арналған.
Объектілерде 24-тен 300 литрге дейінгі әртүрлі көлемдегі ыдыстар қолданылады.

Талаптар: сапалы материалдар және коррозияға төзімділік



# Жылыту радиаторлары

Болат панельдік радиаторлар жабық жылыту жүйелерінде қолданылады. Олар аз жылу инерциясына ие, олардың көмегімен бөлмедегі температураны реттеу оңайырақ.



Талаптар: сапалы материалдар және дәнекерленген жіктерді жасау, біркелкі бояу, жылу сыйымдылығы

# Жылыту радиаторларына арналған ілмекті арматура, реттегіш крандары

Ілмекті арматура әр түрлі ақаулар туындаған кезде, сондай-ақ оны тексеру немесе жуу үшін қажет болған жағдайда радиаторға  жылу тасымалдағыштың берілуін тоқтатуға мүмкіндік береді

Термостатпен жабдықталған ілмекті клапан жылу тасымалдағыш ағынының қарқындылығын автоматты түрде немесе қолмен реттеуге мүмкіндік береді, осылайша температураны жоғарылатады немесе төмендетеді.

Талаптар: Минималды ресурс —  бітеулік класын төмендетпей 1000 цикл; арматураның бітеулігі қосудың екі жағынан да қамтамасыз етілуі тиіс.



# Алдағы 2-3 жылға арналған тұтыну болжамы

| Сипаттама | 2025 | 2026 | 2027 |
|---|---|---|---|
| | Саны (дана) | | |
| Ауа сүзгілері | **617** | **612** | **609** |
| Желдеткіштің қалақты аспабы | **12** | **16** | **11** |
| Сыналы белдіктеріне арналған тегерлер | **15** | **25** | **16** |
| Бекітілетін және тіректі мойынтіректері | **35** | **32** | **33** |
| Жетекті белдіктер | **136** | **121** | **120** |
| Қозғалтқыштар, фанкойлдардың желдеткіштері | **15** | **16** | **15** |
| Ыстық сумен жабдықтау жүйелеріне арналған кеңейткіш ыдыстар | **14** | **13** | **14** |
| Жылыту радиаторлары | **17** | **16** | **16** |
| Жылыту радиаторларына арналған ілмекті арматура, реттегіш крандары | **77** | **74** | **75** |

Жоғарыда келтірілген кестедегі деректер КПО объектілерінің болжамына негізделген және жоспардан тыс тұтынуды қамтымайды.



# Өндірістік директоратының кен орны бөлімі

Karachaganak

# Сүзгілер

3

## Сүзгілерге шолу

# Жалпы мәлімет

- Қазіргі уақытта КПО-да компанияның объектілері мен технологиялық желілерінің жұмыс істеуі кезінде пайда болатын әртүрлі техникалық сұйықтықтарды тазарту үшін әртүрлі технологиялық процестік сүзгілер қолданылады.

- Бұл сүзгілер амин, гликоль және техникалық су және т.б. сияқты әртүрлі сұйықтықтарды өңдеу процесінде маңызды рөл атқарады. Олар технологиялық процестердің тиімділігі мен қауіпсіздігіне теріс әсер етуі мүмкін ластаушы заттарды, қалқымалы бөлшектерді және басқа қоспаларды кетіруге арналған.

- Жоғары сапалы сүзгілерді пайдалану жабдықтың тұрақтылығын қамтамасыз етеді, оның қызмет ету мерзімін ұзартады және соңғы өнімнің сапасын жақсартады. Мұнай-газ саласында сүзгілер технологиялық сұйықтықтарды таза ұстау үшін өте маңызды, бұл өндірістік операциялардың сенімділігі мен тиімділігіне тікелей әсер етеді.

- Біз жиі қолданылатын бірнеше сүзгілер үшін егжей-тегжейлі қажетті техникалық сипаттамаларды дайындадық, оларды сізге танысуға және қажетті шешімдер қабылдауға беруге дайынбыз.
  Олар келесі слайдтарда толығырақ сипатталатын болады.

# Сүзгілердің негізгі сипаттамалары- Жалпы ақпарат









- КПО-ның әртүрлі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін әртүрлі сүзгілер қолданылады, мысалы: аминді, кері айдау техникалық суды және гликольды (ТЭГ) тазартуға арналған сүзгілер. Олар әр түрлі тазарту дәрежелеріне ие және ең алдымен микрондарда белгіленетің бөлшектерді ұстап қалу немесе сұйықтықтан алып тастау қабілетімен ерекшеленеді.
- Компаниялар негізінен 1 микроннан 40 микронға дейін пайдаланады.

# Суды сүзуге арналған сүзгінің техникалық сипаттамалары

- КПО-дағы процесстік су сүзгілері әртүрлі технологиялық процестер үшін суды сапалы дайындауды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Мұнай-газ саласында су бұрғылаудың, өндірудің, өңдеудің және айдаудың әртүрлі кезеңдерінде қолданылады. Судың сапасы өте маңызды, өйткені ластаушы заттар жабдықтың коррозиясына, процестердің тиімділігінің төмендеуіне және өнім сапасына қатысты мәселелер туындау мүмкін.

| Техникалық сипаттамалары | |
|---|---|
| Ағын жылдамдығы: 120м3/сағ. | 120м3/сағ. |
| Максималды жұмыс температурасы: 100С | 100С |
| Максималды ластанған дифференциалды қысым: | 2. 5 bar |
| Жұмыс дифференциалды қысымы: | 2. 5 bar |
| Сүзілу сипаттамалары: | 1-ден 40 микронға дейін |
| Сүзгі жақтары: | Дара ашық ұшы |
| Жабық жағы: | Бекітуге арналған найза тәрізді элементі бар шетжақ қақпақпен |
| Ұзындығы: | 1066 ММ |
| Ішкі диаметрі: | 31 ММ |
| Тығыздағыштардың түрі: | Қосарлы тығыздағыш сақина |
| Сыртқы диаметрі: | 66 ММ |





# Аминді сүзуге арналған картридж сүзгісінің техникалық картасы

- Амин — құрамында азот бар органикалық қосылыс, аммиак туындысы ($NH_3$), онда бір немесе бірнеше сутегі атомдары көмірсутек топтарына ауыстырылады.
- Бұл сүзгілер құм, лай, тұнба, артық су, көбік және органикалық заттар мен қоспалар сияқты бөлшектерді кетіреді, бұл амин ерітіндісінің тиімділігін төмендетіп, газды тазарту процесінде қиындықтар тудыруы мүмкін.

| Техникалық сипаттамалары | |
|---|---|
| Ағын жылдамдығы: | 50м3/сағ. |
| Максималды жұмыс температурасы: | 55C |
| Максималды ластанған дифференциалды қысым: | 1. 2 bar |
| Жұмыс дифференциалды қысымы: | 0. 8 bar |
| Сүзілу сипаттамалары: | 1-ден 40 микронға дейін |
| Сүзгі жақтары: | Дара ашық ұшы |
| Жабық жағы: | Серіппесі бар жалпақ бітеуіш |
| Ұзындығы: | 1170 ММ |
| Ішкі диаметрі: | 42.5 ММ |
| Сыртқы диаметрі: | 76 ММ |
| Тығыздағыштардың түрі: | Төсем |





# ТЭГ сүзуге арналған картридж сүзгісінің техникалық картасы

- Триэтиленгликоль (ТЭГ) — органикалық қосылыс болып табылатын түссіз, тұтқыр сұйықтық. Ол әртүрлі өнеркәсіптік салаларда, соның ішінде мұнай-газ КПО компаниясында қолданылады.

- Бұл сүзгілер құм, лай, тұнба, органикалық заттар мен қоспалар сияқты қатты заттарды кетіруге арналған. Бұл амин ерітіндісінің тиімділігінің төмендеуін болдырмау және газды тазарту процесінде туындайтын мәселелердің алдын алу үшін маңызды.

| Техникалық сипаттамалары | |
|---|---|
| Ағын жылдамдығы: | 25м3/сағ. |
| Максималды жұмыс температурасы: | 80С |
| Максималды ластанған дифференциалды қысым: | 12. 5 bar |
| Жұмыс дифференциалды қысымы: | 2. 5 bar |
| Сүзілу сипаттамалары: | 5-тен 80 микронға дейін |
| Сүзгі жақтары: | Дара ашық ұшы |
| Жабық жағы: | Серіппесі бар шетжақ қақпақпен |
| Ұзындығы: | 777 ММ |
| Ішкі диаметрі: | 27 ММ |
| Сыртқы диаметрі: | 63 ММ |
| Тығыздағыштардың түрі: | Төсем |





# Сүзгілерді тұтынудың жоспарлы болжамы

- **Бұл слайд әртүрлі түрлері мен тазалау дәрежесіндегі сүзгілерді тұтыну болжамын ұсынады.**

| Су | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Атауы** | **1 жылға болжамды саны** | **2 жылға болжамды саны** | **3 жылға болжамды саны** | **4 жылға болжамды саны** | **5 жылға болжамды саны** |
| FILTER ELEMENT, OUTSIDE DIAMETER-73 MM LENGTH- 1162 MM, | 91 | 91 | 91 | 91 | 91 |
| FILTER ELEMENT, WATER, 10 MICRON, | 482 | 483 | 482 | 482 | 482 |
| ELEMENT, FILTER: 5 MICRON, BETA 5000 | 643 | 644 | 643 | 643 | 643 |
| **Амин** | | | | | |
| **Атауы** | **1 жылға болжамды саны** | **2 жылға болжамды саны** | **3 жылға болжамды саны** | **4 жылға болжамды саны** | **5 жылға болжамды саны** |
| FILTER, ELEMENT: HYBRID (PER KPO TESTING), | 866 | 866 | 866 | 866 | 866 |
| **ТЭГ** | | | | | |
| **Атауы** | **1 жылға болжамды саны** | **2 жылға болжамды саны** | **3 жылға болжамды саны** | **4 жылға болжамды саны** | **5 жылға болжамды саны** |
| FILTER, HIGH EFFICIENCY, PROCESS, HIGH AREA, | 3267 | 3268 | 3267 | 3267 | 3267 |
| FILTER ELEMENT: HIGH EFFICIENCY, PROCESS, HIGH | 1614 | 1613 | 1614 | 1613 | 1614 |
| FILTER, GLYCOL: 10 MICRON, CARTRIDGE MATERIAL | 229 | 230 | 229 | 229 | 229 |

# Сертификаттар және сүзгілерді сынау

- Осы сүзгілерді жеткізу процесінде өндіруші келесі сертификаттарды ұсынуы тиіс:

- Өндірушінің Сәйкестік сертификаты
  (Сүзгі белгіленген стандарттар мен сипаттамаларға сәйкес келетінін растайды.)

- Стандарттарға сәйкестік сертификаты (Сүзгі ISO, ASME, API және т.б. сияқты халықаралық стандарттарға сәйкес жасалғанын растайды.)

- Шығу тегінің сертификаты (Certificates of Origin): Шыққан елін растайды.

- Қысыммен сынақ сертификаты (Pressure Test Certificate): сүзгінің беріктігі пен бітеулігін қысыммен сынақтан өткенін растайды.

**Ескерту: Сертификаттарға қойылатын талаптар КПО мен жергілікті өндірілген сүзгілердің әлеуетті өндірушісі арасында келісімшарт жасау процесінде қосымша талқыланатын болады.**

# IMB ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

ЖЖАБ ЖӘНЕ СҮЗГІЛЕР БОЙЫНША КПО ТЕХНИКАЛЫҚ ВЕБИНАРЫ

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕР

## ІРІ ОПЕРАТОРЛАР

КҮШ-ЖІГЕРДІ БІРІКТІРУ
САНДЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ҰСЫНУ

NCOC NORTH CASPIAN OPERATING COMPANY
Karachaganak
TCO ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ

**ОПЕРАТОРЛАР ДЕРЕКТЕРІН БІРІКТІРУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ**

**АДВОКАТТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**

IMBC International Machine Building Center

**ОТАНДЫҚ НАРЫҚТЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ**

**ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТРАНСФЕРІ**

## ҮКІМЕТ

ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЫНТАЛАНДЫРУ
ЖЕҢІЛДІКТЕР ЖӘНЕ СУБСИДИЯЛАР

## МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕС ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТРАНСФЕРІ

# ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТУДЫРАТЫН ТАУАРЛАР

**Қажеттіліктерді талдау және жергіліктендіру басымдықтарын белгілеу кезінде біз FPAL кодтау жүйесін қолданамыз.**

**FPAL тауар кодтары**

- 1.01 Бұрғылау жабдықтары
- 1.02 Тиеу-түсіру жабдықтары мен материалдар
- ⋮
- 2.99 Басқа өнімдер / жабдықтар мен материалдар

| A тауар тобы | B тауар тобы | C тауар тобы | D тауар тобы |
|---|---|---|---|
| 1.09 Электр жабдықтары мен материалдары | 1.04 Сорғылар мен тығыздағыштар | 1.02 Тиеу-түсіру жабдықтары мен материалдар | 1.03 Компрессорлар, желдеткіштер және олардың құрамдас бөліктері |
| 1.10 БӨАмА | 1.11 Технологиялық сүзгілер | 1.07 Жылу алмастырғыштар / Жылуалмасу жабдықтары | 1.05 Қозғалтқыштар және олардың құрамдас бөліктері |
| 2.02 Клапандар және олардың құрамдас бөліктері | 1.12 ЖЖАБ | 1.16 Өртке қарсы жабдықтар | 2.03 Болаттан және металдан жасалған бұйымдар |
| | 2.01 Құбыр өнімдері | 2.07 Химиялық заттар / Майлар / Бояулар | 2.11 Шеберханаға арналған жабдықтар мен қол құралдары |
| | | 2.08 Оқшаулағыш / отқа төзімді материалдар | |

Жоғарыда аталған тауар топтары бойынша сатып алу деңгейі үш Оператордың **барлық тауар сатып алуларының 75%-нан астамын** құрайды **

* *Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінің жағдайлық-талдау орталығының статистикалық деректеріне сәйкес*

# ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТУДЫРАТЫН ТАУАРЛАР

| | А тауар тобы | В тауар тобы | С тауар тобы | D тауар тобы |
|---|---|---|---|---|
| Қажеттіліктерді талдау | 35 000 тауар позициялары | 55 000 тауар позициялары | 7 000 тауар позициялары | ӘА |
| Синергия арқылы анықталған жоғары сұранысқа ие тауар түрлері | Тауарлардың 19 түрі | Тауарлардың 18 түрі | Тауарлардың 27 түрі | ӘА |
| Нарыққа талдау жүргізу, колжетімді дереккөздерден алынған кеңейтілген тізім | 90-нан астам өндіруші | 100-ден астам өндіруші | 80-нен астам өндіруші | ӘА |
| Қызығушылық танытқан өндірушілерге бару | 72 кәсіпорынға бару жүзеге асырылды | 61 кәсіпорынға бару жүзеге асырылды | 41 кәсіпорынға бару жүзеге асырылды | ӘА |
| Жоғары сұранысқа ие тауарларды өндіретін өндірушілердің шорт-листі | Іріктелген 23 кәсіпорын | Іріктелген 16 кәсіпорын | Орындалуда | ӘА |
| Әлеуетті дамыту | әлеуетті дамыту бойынша 8 жоспар әзірленді | әлеуетті дамыту бойынша 3 жоспар әзірленді | ӘА | ӘА |
| Әлеуетті дамыту жоспарларын жүзеге асыру | Ұсынылған 3 өндіруші | Ұсынылған 2 өндіруші | ӘА | ӘА |

**Операторларға берілетін ұсынымдар**

# В ТАУАР ТОБЫ

## ҚҰБЫР ӨНІМДЕРІ



Жіксіз болат, МЕМСТ, ПЭ
**821,958 м**



Бекітетін материалдар
**108,442 дана/қаптама/қорап**



Металл қосылыстар (фитингтер, фланецтер)
**20,301 дана/қаптама**



Тығыздығыштар
**84,529 дана/қаптама/қорап**

## СОРҒЫЛАР МЕН ТЫҒЫЗДАҒЫШТАР



Ортадан тепкіш және айналмалы сорғылар
**682 дана**



Батырмалы сорғылар
**124 дана**



Диафрагмалы сорғылар
**875 дана**



Шығыс материалдары мен тығыздағыштар
**17,462 дана**

## ЖЖАБ



Кондиционерлер, тоңазытқыш қондырғылар
**199 дана**



Желдеткіштер
**970 дана**



Ауа сүзгілері
**84,710 дана/қаптама/қора**

## ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СҮЗГІЛЕР



Регенеративті / Регенеративті емес сүзгілер, шығыс материалдары
**103,122 дана/қаптама**



technicalsupport@imbc.kz

+ 7 (7172) 39-99-66

www.imbc.kz

*IMB Орталығы ұсынатын өндірушілердің әлеуетін дамытуға қолдау көрсету қызметтерінің ауқымы мен ерекшелігі шектеулі және өндірушінің Операторлардың талаптарына сәйкес өз өнімін жеткізуге дайындығына байланысты жеке тәртіпте ұсынылады.*

*IMB Орталығының көмегі әлеуетті өндіруші тарапынан қандай да бір жауапты әрекеттерге жүктемейді. IMB Орталығының қызметтері Операторлардың сатып алу процестеріне өндірушінің сәтті қатысуы және/немесе келісімшарттар жасасу үшін кепілдік болып табылмайды.*

Karachaganak



# КПО жеткізушілерінің дерекқоры

# КПО ЖЕТКІЗУШІЛЕРІНІҢ ДЕРЕКҚОРЫ



# ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІ ТІРКЕУ

## Барлық әлеуетті жеткізушілер КПО жеткізушілерінің дерекқорында тіркелуі керек

**ТІРКЕУ ПРОЦЕССІ**

**ТІРКЕУ**

келесі туралы ақпаратты ұсыну:

- техникалық құзыреті
- тауарлардың және/немесе жұмыстардың және/немесе қызметтердің мәлімдеген санаттары бойынша т әжірибе
- персоналдың болуы
- қаржылық айналымдар
- т.б.

**ЭТИКАЛЫҚ СЕНІМДІЛІКТІ ТЕКСЕРУ**

КПО заңды талаптарына сәйкес этикалық сенімділік дәрежесін анықтау:

- Қазақстандық және шетелдік заңнаманың талаптарына сәйкестігі
- КПО ішкі нормативтік актілерінің талаптарына сәйкестігі
- құрылтайшылардың тізімдерін ұсыну

КПО жеткізушілерінің дерекқорында тендерге қатысуға немесе келісімшарт алуға кепілдік бермейді. Алайда тіркелген компания қажеттілік туындаған жағдайда тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді ұсыну үшін нарықты зерттеу, алдын ала біліктілік процесі немесе тендерге қатысуға үміткер ретінде қарастырылуы мүмкін екенін білдіреді.

# ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІ ТІРКЕУ

- КПО жеткізушілерінің бірыңғай деректер қорында тіркелу үшін:
  - Сауалнаманы жүктеп алыңыз – https://kpo.kz/ru/postavshchikam/registracija-v-baze-dannykh-postavshchikov-kpo
  - Жеткізушілерді алдын ала бағалау үшін сауалнаманы толтырыңыз және қызмет кодтарын белгілеңіз;
  - Құжаттардың қажетті көшірмелерін қоса беріңіз;
  - Жеткізушілерді алдын ала бағалау және тіркеу үшін толтырылған құжаттар топтамасын MIVQ@kpo.kz электрондық мекенжайына жолдау қажет.
  - Байланыс телефон нөмірлері: +7 (711336) қосымша. 4943, 4946, 2192.

- КПО барлық жеткізушілерді көрсетілген тіркеу деректерін тұрақты негізде жаңартуға шақырады:
  - тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің мәлімделген санаттары бойынша тәжірибе;
  - сертификаттау, аттестаттау;
  - қайта құрылымды;
  - байланыс тұлғалардың ауысуын.

# НАРЫҚТЫ ЗЕРТТЕУ

**МАҚСАТЫ**

- КПО талаптарына сәйкес жұмыстардың қажетті көлемін орындау үшін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің әлеуетті жеткізушілерін айқындау
- КПО тендерін өткізу кезінде еркін бәсекелестікті қамтамасыз ету

## ПРОЦЕСС

1. **Қажеттіліктерді анықтау және жеткізушілерді іздеу**
2. **Нарыққа қызығушылық туралы өтініш хатын шығару**
3. **Нарықты зерттеу туралы есеп**
4. **Қажеті мақұлдауларды алу**
5. **Тендерге мақұлданған Мақұлданған тізімі**

# «БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕ» ЖҮЙЕСІ








# Сатып алу процесі

Karachaganak

# ТЕНДЕР ПРОЦЕСІ

КПО өзінің сатып алу қызметін келесіге сәйкес жүргізеді:

- Өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісім (құпия және тек КПО, серіктес-компаниялар және Қазақстан Республикасы қолдануы үшін) және Қарашығанақ жобасын басқару жөніндегі бірлескен комитеттің тендерлік ережелері
- Қолданыстағы заңнама
- Бекітілген бюджет және Жұмыс бағдарламасы

## ПРОЦЕСС

НАРЫҚТЫ ЗЕРТТЕУ / БІЛІКТІЛІКТІ АЛДЫН АЛА БАҒАЛАУ → ТЕНДЕРГЕ ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРУ → ТЕНДЕРЛІК КЕЗЕҢ → ТЕНДЕРЛІК ҰСЫНЫСТАРДЫ БЕРУ → ТЕНДЕРЛІК ҰСЫНЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ → КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАСУ → КЕЛІСІМШАРТҚА ҚОЛ ҚОЮ → КЕЛІСІМШАРТТЫ ІСКЕ АСЫРУ

# ЕРЕКШЕ НАЗАРДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ











| | | | |
|---|---|---|---|
| **ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАРДЫ РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР** | **ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАРДЫ E-BIDDING ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР** (Нұсқауларға сілтеме) | **ТЕНДЕРГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚТАР** | **ТЕНДЕРЛІК ҰСЫНЫСТАР БЕРУ КҮНІ/УАҚЫТЫ** |

# ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ

1. Ілеспе хат
2. Міндетті түрде қол қйылуы, мөрмен куәландырылуы және белгіленген мерзімде ұсынылуы тиіс нысандар:
   - Хабарлама және құпиялылық туралы келісім нысаны;
   - Тендер нысаны;
   - Корпоративтік меншік туралы куәлік және Белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы өтініш.
3. Тендер нысанына тікелей қатысты құжаттама:
   - Келісімшарт нысаны, соның ішінде:
     
     Келісім нысаны
     
     А қосымшасы «Жалпы ережелер мен шарттар»
     
     В қосымшасы «Жеткізілетін ТАУАРЛАР/ көрсетілетін қызметтер және ерекшеліктер көлемі»
     
     С қосымшасы «Өтемақы және төлем»
     
     «D» қосымшасы – Келісімшарттың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша талаптары
     
     Е қосымшасы «Жергілікті қамту туралы ерекше ережелер»
     
     F қосымшасы «Жергілікті қамту туралы ақпарат»
     
     Н қосымшасы «Өндірістік қатынастар»
   - Тендерге қатысушыларға сауалнама
   - Тауарлардың тізбесі және жеткізудің техникалық шарттары (егер қолданылса)
4. Тендерлік ұсынысты дайындау бойынша нұсқаулық:
   - Тендерге қатысушыларға нұсқаулық
   - Тендерлік ұсынысты таңбалау үлгісі



# Жергілікті қамтуды қолдау жөніндегі механизмдер

# ЖЕРГІЛІКТІ КОМПАНИЯЛАРДЫ ҚОЛДАУ МЕХАНИЗМІ

## СЫНАМА ТАПСЫРЫС

Жергілікті жеткізушілерден ТАУАРЛАРДЫҢ сынақ партиясын сынауға арналған тендерлер.

## ЕРТЕ ТЕНДЕР

Кейінге қалдыру шартымен немесе ұзақ мерзімді жеткізу кестесімен ТАУАРЛАРДЫ жеткізуге арналған келісімшарттар жасалатын тендер түрі.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕНДЕР

Тек қана жергілікті жеткізушілер арасында өткізілетін тендерлер. Мақсаты - келісімшарттарды Қазақстандық ТЖҚ жеткізушілерімен жасасу.

## **ИНВЕСТИЦИЯҒА АЙЫРБАС** КЕЛІСІМШАРТЫ (ҚАЙТА ҚАРАУ КЕЗЕҢІ)

**Инвестицияға айырбас келісімшарты** конкурссыз негізде жасалған ұзақ мерзімді келісімшарт, оған сәйкес жеткізуші Қазақстан Республикасы аумағында сатып алу келісімшартының мәні болатын жергілікті тауарларды өндіруге міндеттенеді.



# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!